

Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 2001 жылғы 15 мамыр N 828 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1569. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 158 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 158 Қаулысымен.

----- Қаулыдан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

4

5

6. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 158 қаулысына

қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1569 тіркелген).

2
3
4

5. ...

Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру әдістемесін жетілдіру мақсатында және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 301 қаулысымен .

1. Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидалары бекітілсін (қоса берілді).

2. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін 15 күннен соң қолданысқа енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар департаменті :

1) басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізсін ;

2) осы Қаулының және жоғарыда аталған Қағидалардың орындалысына бақылау жасасын .

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпанда 458-нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 08 қазандағы N 161 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н
Ұ л т т ы қ

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б а н к і м е н

2001 жылғы 27 сәуірде

келісілген

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігімен

2001 жылғы 30 сәуірде

келісілген

Қазақстан Республикасы

Бағалы қағаздар жөніндегі

Ұлттық комиссиясы

Директоратының

2001 жылғы 15 мамырдағы

N 828 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік бағалы қағаздарға
ұлттық бірідендіру нөмірлерін беру**

ҚАҒИДАЛАРЫ

Ескерту: Қағидалардың мәтіні бойынша түрлі септіктегі "Ұлттық комиссия" деген сөздер тиісті септіктегі "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.04.16. N 114 бұйрығымен .

барлық мәтін бойынша "эмиссиясы", "эмиссиясының" деген сөздер тиісінше "шығарылымы" "шығарылымының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25. N 301 қаулысымен .

Осы Қағидалар бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірідендіру нөмірлерін беру және мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ұлттық бірідендіру нөмірлеріне есеп жүргізу тәртібін белгілейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.04.16. N 114 бұйрығымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25. N 301, 2008.08.22. N 139 Қаулыларымен .

1-тарау. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

1. Осы Қағидаларда пайдаланылған ұғымдар мыналарды білдіреді:

- 1) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;
- 2) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

3) "ҰБН" - ұлттық біріздендіру нөмірі немесе егер бұл контекстке негізделсе ұлттық біріздендіру нөмірлері;

4) "Жауапты қызметкер"- уәкілетті органның ҰБН-ін беруге жауапты қызметкері;

5) "эмитент" - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.04.16. N 114 бұйрығымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25. N 301, 2008.08.22. N 139 Қаулыларымен.

2. ҰБН бағалы қағаздарға оны біріздендіру, әртүрлі шығарылдардың бағалы қағаздарын белгілеуді бірегейлендіру және Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілген бағалы қағаздарға есеп жүргізуді жүйелендіру мақсатында уәкілетті орган беретін бірегей әріптік-сандық код болып табылады.

2-тарау. ҰБН БЕРУ

3. Шығарылымы жобаланып отырған мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰБН беруді эмитенттің еркін нысанда жазған және мазмұнында осы шығарылым туралы мынадай мәліметтер бар сұрауының (бұдан әрі "Сұрау" деп аталады) негізінде уәкілетті орган жүргізеді:

1) мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі - олардың толық атауы немесе жалпы қолданылатын белгісі (қысқаша атауы, аббревиатурасы);

2) шығарылымның валютасы;

3) айналыс мерзімі;

4) эмитент пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес шығарылымның реттік нөмірі;

5) орналастыру жобаланған күн;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы Қағидалардың 1-қосымшасының 1-таблицасында көрсетілмеген мемлекеттік бағалы қағаздары үшін - осы бағалы қағаздардың мынадай белгілері бойынша сипаттамасы:

осы бағалы қағаздар құжаттандырылған немесе құжатсыздандырылған болып табыла ма әлде жоқ па;

осы бағалы қағаздар дисконттық (олар бойынша сыйақы дисконт - атаулы құны мен орналастыру бағасының арасындағы он айырмасы түрінде төленеді) бір мезгілде осы бағалы қағаздарды өтеумен және олардың атаулы құны шегінде) немесе купондық (олар бойынша сыйақылар купон - осы бағалы қағаздар шығарылымының шарттарына сәйкес атаулы құнынан жоғары мерзімдік (бір немесе бірнеше дүркін) төлеуге жататын сома түрінде төленеді) болып табыла ма әлде жоқ па;

осы бағалы қағаздар шығарылымының шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша сыйақыларды қандай да болмасын көрсеткіш бойынша индекстеуді көздеме әлде жоқ па;

егер осы бағалы қағаздар купондық болып табылса, олардың шығарылым шарттарында осы бағалы қағаздардың атаулы құнынан өзгеше (дисконтпен немесе сыйлықпен) баға бойынша орналастыру көздеме, яғни осы бағалы қағаздар дисконттық - купондық болып табыла ма әлде жоқ па;

6-1) республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары үшін осы бағалы қағаздардың мынадай түрлері бойынша сипаттамасы:

- 1) орта мерзімді;
- 2) ұзақ мерзімді;
- 3) индекстелген орта мерзімді;
- 4) индекстелген ұзақ мерзімді;

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25. N 301, 2008.08.22. N 139 Қаулыларымен

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жобаланып отырған бірнеше, оның ішінде белгілі бір кезеңге алға, шығарылымның мемлекеттік бағалы қағаздарына ҰБН беруге сұрау жасауға жол беріледі.

5 - 6 . < * >

Ескерту. 5-6-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.04.16. N 114 бұйрығымен .

7. Жауапты қызметкер сұрауды алғаннан кейін оның мына бөліктерде жасалуының дұрыстығын тексереді:

1) осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес сұрауда көрсетілуге тиісті мәліметтердің толықтығын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздардың түрін көрсетудің дұрыстығын;

3) мемлекеттік бағалы қағаздар түрінің олардың жобаланып отырған шығарылымының осы Қағидалардың 3-тармағының 2)-6-1) тармақшаларында көрсетілген өлшемдеріне сәйкес келуін;

4) мемлекеттік бағалы қағаздардың жобаланып отырған шығарылымының реттік нөмірінің мемлекеттік бағалы қағаздардың осы түрінің алдыңғы шығарылымы туралы уәкілетті органда бар ақпаратқа сәйкес келуін;

5) шығарылымы жобаланып отырған мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰБН беру үшін қажетті өзге де ықтимал шарттардың сақталысын.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25. N 301, 2008.08.22. N 139 Қаулыларымен .

8. Сұрату бойынша ескертпелер жоқ болған кезде Жауапты қызметкер осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген әдістемеге сәйкес ҰБН жасайды, бағалы қағаздардың айналыста жүрген шығарылымдарының осындай ҰБН бар жоқ екенін тексереді, ҰБН беру жөнінде эмитентке беретін хат дайындайды және негізінде ҰБН құрылған сұратуды қоса бере отырып оны келесі бұрыштаманы қ о ю ү ш і н б е р е д і .

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

9 - 1 0 . < * >

Ескерту: 9-10-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

11. Сұратуда қате және/немесе толық емес мәліметтер анықталған кезде уәкілетті орган эмитентке бас тарту себебін көрсете отырып ҰБН беруден ж а з б а ш а б а с т а р т у ж і б е р е д і .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

12. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .*

13. Сұрауды қарау (ҰБН беру туралы немесе ҰБН беруден бас тарту туралы эмитентке жазылған хатты жөнелту (беру) мүмкіндігінше қысқа мерзімде аяқталу керек, бірақ уәкілетті орган сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей (осы тармақтың екінші азатжолында белгіленген е р е к ш е л і к т і қ о с п а ғ а н д а) .

Егер эмитент алты және одан да көп шығарылымдары жобаланған мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰБН беруді сұраған жағдайда, сұрауды уәкілетті орган алған күннен бастап үш жұмыс күніне дейін, ҰБН беру туралы эмитентке жазылған хатты жөнелтудің (берудің) мерзімін ұзартуға жол беріледі.

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

14. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .*

3-тарау. БЕРІЛГЕН ҰБН-не ЕСЕП ЖҮРГІЗУ

15. Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰБН-не есеп жүргізу:

1) қағаз тасымалдағыштағы "Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ұлттық біріздендіру нөмірлерін тіркеу журналы" тізілім-журналын (бұдан әрі "Журнал"

д е п а т а л а д ы) ;

2) "Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ұлттық біріздендіру нөмірлерін тіркеудің электрондық журналы" электрондық мәліметтер базасын (бұдан әрі "Электрондық журнал" деп аталады);

3) мемлекеттік бағалы қағаздарға ҰБН беру мәселелері бойынша алмасу файлдарын (бұдан әрі "Алмасу файлдары" деп аталады) жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

16. Журналдың мазмұны мен Электрондық журналдың мазмұны бір-бірімен ұқсас және мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) ҰБН беру туралы жазбаның реттік нөмірі;
- 2) ҰБН берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі;
- 3) ҰБН берілген мемлекеттік бағалы қағаздар эмитентінің атауы;
- 4) ҰБН берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың валютасы;
- 5) ҰБН берілген мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін эмитент қолданатын нөмірлеуге сәйкес сандық белгілеу;
- 6) Ұ Б Н б е р у к ү н і ;
- 7) б е р і л г е н Ұ Б Н ;
- 8) ҰБН беруге арналған негіз (сұраудың күні және нөмірі);
- 9) Жауапты қызметкердің тегі және аты-жөні.

17. Журналды (Электрондық журналды) ҰБН берілген мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі туралы мәліметтер бөлігінде толтыру кезінде мемлекеттік бағалы қағаздардың түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметінің немесе Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген не жалпы қолданылатын белгілеулер қолданылады, мысалы, "НСО", "МЕККАМ-6", "теңгелік ноттар". Бұл ретте айналыс мерзімдері бірдей мемлекеттік бағалы қағаздардың бірнеше түріне әртүрлі белгілеулерді қолдануға жол берілмейді.

18. Журналды (Электрондық журналды) ҰБН берілген мемлекеттік бағалы қағаздар эмитентінің атауы туралы мәліметтер бөлігінде толтыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде қатысты "Қаржымині" қысқаша атауын немесе "ҚМ" аббревиатурасын қолдануға жол беріледі;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қатысты "Ұлттық Банк" қысқаша атауын немесе "ҰБ" аббревиатурасын қолдануға жол беріледі;

3) егер мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі туралы мәліметтерге сүйене отырып біржақты түрде эмитент тек қана Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі немесе тек қана Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болатын жағдайда Журналдың тиісті бағанасы (Электрондық журналдың тиісті жолы) т о л т ы р ы л м а й д ы ;

3-1) жергілікті атқарушы органдарына қатысты қысқартылған атауды қолдануға жол берілмейді.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25. N 301, 2008.08.22. N 139 Қаулыларымен .

19. Журналды (Электрондық журналды) мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының валютасы туралы мәліметтер бөлігінде толтыру кезінде, егер мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі туралы мәліметтерге сүйене отырып бір жақты түрде олар тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында немесе тек қандай болсын шетелдік валютада шығарылуы мүмкін болады делінсе, тиісті бағана (тиісті жол) толтырылмайды.

20. ҰБН беру туралы жазбалар Журналға және Электрондық журналға ҰБН берілген күні енгізілуге жатады.

21. Журнал беттері бойынша нөмірленуі, тігілуі және уәкілетті органның мөр таңбасымен (жартылай тігістің түйініне жапсырылған жазба қағазға жартылай параққа) бекітілуі керек.

Журналдағы ҰБН беру туралы әрбір жазба Жауапты қызметкердің қолымен расталуы керек.

Журнал аяқталғаннан кейін оның сыртқы парағына "Журналда ҰБН беру туралы барлығы (ҰБН туралы соңғы жазбаның реттік нөмірі) жазбалар бар" деген жазба енгізіледі, еркін нысандағы форматта Журналдың аяқтау күні көрсетіледі, Жауапты қызметкердің қолы қойылады.

Жаңадан ашылатын Журнал бұрынғы Журналдағы соңғы жазбаның реттік нөмірінен бір бірлікке асатын ҰБН беру туралы жазбаның реттік нөмірінен басталады.

ҰБН туралы аяқталмаған жазбаны бір Журналдан екіншісіне ауыстыруға тыйым салынады. Бұндай жазба әрбір бағанада "Z" белгісімен сызып тастау арқылы жойылуы керек.

Ескерту: 21-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

22. Уәкілетті орган орталық аппаратының Электрондық журналды жүргізуді жүзеге асыратын қызметкерлері оған рұқсат етілмеген өзгерістерді енгізуден қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

23. ҰБН беру үшін ұсынылған құжаттар жазысқан хаттар файлдарына хронологиялық тәртіппен тігіледі.

Ескерту: 23-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

24. Алмасу файлдарына енгізілген құжаттардың барлық парақтары төменгі оң жақ бұрышына нөмірленеді. Алмасу файлдары аяқталғаннан кейін оған бірінші парағында "Осы файлда ("кк.аа.жж" форматтағы күн)-нен бастап ("кк.аа.жж" форматтағы күн)-ге дейінгі құжаттардың барлығы (соңғы құжаттың соңғы (жоғарғы) парағының реттік нөмірі) парағы бар" деген жазба жасалатын құжаттардың тізбесі енгізіледі және Жауапты қызметкердің қолы қойылады.

Ескерту: 24-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .

25. Мемлекеттік бағалы қағаздарға берілген ҰБН туралы мәліметтер уәкілетті орган тиісті сұрауды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кез келген мүдделі тұлғаға беріледі.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

Қазақстан	Республикасы	Бағалы
қағаздар	жөніндегі	ұлттық
комиссиясы	Директоратының	
2001 жылғы	15 мамырдағы	
N 828	қаулысымен	бекітілген
Мемлекеттік	бағалы	қағаздарға
ұлттық	біріздендіру	нөмірлерін
беру қағидаларына		

1-қосымша

Мемлекеттік	бағалы	қағаздарға
ұлттық	біріздендіру	нөмірін
ҚҰРУ ӘДІСТЕМЕСІ		

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының ұлттық біріздендіру нөмірін (бұдан әрі "ҰБН" деп аталады) құру үшін араб сандары және латын әліпбиінің жазба (бас) әріптері ("Г" және "О" әріптерінен басқа) п а й д а л ы н ы л а д ы .

2. ҰБН-не қандай да болмасын тыныс белгісімен бөлінбеген, тізбектелген он екі рәміздер (солдан оңға санаумен) кіреді және үш бөліктен тұрады:

1) бірінші және екінші позицияларда орналасқан рәміздер эмитент елінің екі әріпті кодын білдіреді (Қазақстан Республикасы үшін "KZ" коды пайдаланылады) ;

2) үшінші-он бірінші позицияларда орналасқан рәміздер осы Әдістеменің 3-9-тармақтарына сәйкес жасалған негізгі нөмірлер болып табылады;

3) он екінші позицияда орналасқан рәміз осы Әдістеменің 10-тармағына сәйкес есептелген бақылау саны болып табылады.

3. ҰБН үшінші позициясында орналасқан рәміз мемлекеттік бағалы

қағаздардың эмитентін білдіреді:

- 1) "К" рәмізі - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
- 2) "W" рәмізі - Қазақстан республикасының Ұлттық Банкі;
- 2-1) "А" - Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы;
- 2-2) "Z" - Астана қаласының жергілікті атқарушы органы.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.10.25. N 301, 2008.08.22. N 139 Қаулыларымен .

4. ҰБН төртінші позициясында орналасқан рәміз мемлекеттік бағалы қағаздардың кодын білдіреді:

1) "1" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжатсыздандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

2) "2" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

3) "3" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжатсыздандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

4) "4" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

5) "5" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжаттандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

6) "6" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша сыйақыларды индекстеу көзделмейтін құжаттандырылған купондық бағалы қағаздар;

7) "7" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжаттандырылған дисконттық және дисконттық-купондық бағалы қағаздар;

8) "8" рәмізі - шығарылым шарттарында олардың атаулы құнын және олар бойынша қандай да болмасын көрсеткішке төленетін сыйақыларды ішінара немесе толық индекстеу көзделетін құжаттандырылған купондық бағалы қағаздар;

9) "9" символы - Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарына

өтемақы төлеу мақсатында шығарылған, номиналдық құнын индекстеу және сыйақы ставкаларын айқындау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар;

10) "А" символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналдық құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

11) "В" символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналдық құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

12) "С" символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналдық құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде индекстелген купон деп аталатын сыйақы төленеді;

13) "D" символы - орналастырылуы мен өтелуі номиналдық құны бойынша жүзеге асырылатын құжатсыздандырылған купондық бағалы қағаздар, бұл ретте айналыс мерзімі ішінде орналастыру кезінде айқындалатын, купон деп аталатын с ы й а қ ы т ө л е н е д і ;

14) "E" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді бағалы қағаздары;

15) "F" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді бағалы қағаздары;

16) "G" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орта мерзімді индекстелген бағалы қағаздары;

17) "H" рәмізі - республикалық мәндегі қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұзақ мерзімді индекстелген бағалы қағаздары.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003.04.16. N 114 бұйрығымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.26. N 104, 2008.08.22. N 139 Қаулыларымен .

5. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жекелеген түрлерінің ҰБН төртінші позициясын толтыру кезінде пайдаланылатын кодтары осы Әдістеменің 1-таблицасында келтірілген.

6. ҰБН бесінші позициясында орналасқан рәміз шығарылымның валютасын білдіреді :

1) "K" рәмізі - қазақстан теңгесі;

2) "U" рәмізі - АҚШ доллары;

3) "E" рәмізі - евро.

7. ҰБН алтыншы позициясында орналасқан рәміз мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің өлшем бірлігін білдіреді:

1) "Y" рәмізі - жылдар ;

- 2) " M " рәмізі - айлар ;
- 3) " W " рәмізі - апталар ;
- 4) " D " рәмізі - күндер .

8. ҰБН жетінші және сегізінші позицияларында орналасқан рәміздер мемлекеттік бағалы қағаздардың тиісті өлшем бірлігіндегі айналыс мерзімін білдіреді .

Егер айналыс мерзімі 10-нан төмен тиісті өлшем бірлігін құраған жағдайда, жетінші позицияда "0" (нөл) рәмізі көрсетіледі.

9. ҰБН тоғызыншы, оныншы және он бірінші позицияларында орналасқан рәміздер мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының олардың эмитенттері пайдаланатын нөмірлеуге сәйкес реттік нөмірін білдіреді.

Егер шығарылымның реттік нөмірі 100-ден төмен болып құралған жағдайда, тоғызыншы позицияда "0" (нөл) рәмізі көрсетіледі.

Егер шығарылымның реттік нөмірі 10-нан төмен болып құралған жағдайда, оныншы позицияда (тоғызыншы позициядағы "0" рәмізіне қосымша) "0" (нөл) рәмізі көрсетіледі .

Егер шығарылымның реттік нөмірі 999 асып кеткен жағдайда, оның бірінші саны көрсетілмейді .

10. Бақылау саны мынадай түрде есептеледі:

1) 1-қадам: осы Әдістеменің 2-тармағының 1) тармақшасына және 3-9-тармақтарына сәйкес бастапқы он бір позициялар толтырылады;

2) 2-қадам: позицияларда орналасқан әріптік рәміздер осы Әдістеменің 2-таблицасына сәйкес сандармен ауыстырылады;

3) 3-қадам: сандық қатарда (оның оң жақ шетінен бастап) алынған әрбір сан коэффициентке көбейтіледі: "2" - тақ позицияларда орналасқан сандар үшін немесе "1" - жұп позицияларда орналасқан сандар үшін;

4) 4-қадам: 3-қадамды орындаудың нәтижесінде алынған сандар қатары қосылады ;

5) 5-қадам: егер 4-қадамды орындау нәтижесінде алынған сома "0-мен" аяқталса, онда бақылау саны "0" болып табылады. Керісінше жағдайда, 4-қадамды орындау нәтижесінде алынған соманы осы сомадан асатын және он еседен төмен болып табылатын саннан алып тастау нәтижесі бақылау саны болып табылады.

1-кесте

Ескерту: 1-кесте жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 104 қаулысымен .

Мемлекеттік бағалы қағаздардың жекелеген түрлері кодтарының кестесі

Бағалы қағаздың түрі	Коды
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелері (МЕККАМ)	1
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді қазыналық міндеттемелері (МЕОКАМ)	2
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді қазыналық міндеттемелері (МЕУКАМ)	D
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді индекстелген қазыналық міндеттемелері (МОИКАМ)	C
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді индекстелген қазыналық міндеттемелері (МУИКАМ)	B
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазыналық міндеттемелері (МЕУЖКАМ)	A
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық валюталық міндеттемелері (МЕКАВМ)	3
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді қазыналық валюталық міндеттемелері (МЕОКАВМ)	4
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік индекстелген қазыналық міндеттемелері (МЕИКАМ)	4
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі займның ұлттық жинақ облигациялары (НСО)	2
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгеде номинацияланған қысқа мерзімді ноттары	1
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетелдік валютада номинацияланған қысқа мерзімді ноттары	3
Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигациялар (МАОКО)»	9

2-кесте

Әріптік рәміздерді сандарға ауыстыру

ТАБЛИЦАСЫ

A	10	F	15	L	20	R	25	W	30
B	11	G	16	M	21	S	26	X	31
C	12	H	17	N	22	T	27	Y	32
D	13	J	18	P	23	U	28	Z	33
T	14	K	19	Q	24	V	29		

Қазақстан Республикасы Бағалы
қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясы Директоратының
2001 жылғы 15 мамырдағы
N 828 қаулысымен бекітілген
Мемлекеттік бағалы қағаздарға
ұлттық біріздендіру нөмірлерін

беру қағидаларына

2-қосымша

**Мемлекеттік бағалы қағаздардың
ұлттық біріздендіру нөмірін**

ҚҰРУДЫҢ МЫСАЛЫ

Берілді (мысалдың шарттары):

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі алты ай мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемелерін (бұдан әрі - МЕККАМ) айналысқа шығарады; шығарылымның реттік нөмірі - 123

1 - қ а д а м :

П о з и ц и я н ы ң нөмірі	Рәміздер	Түсіндірме
1-2	KZ	Эмитенттің елін белгілеу (Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тармағының 1) тармақшасы)
3	K	Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитентін б е л г і л е у : Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенті ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне "К" рәмізі сәйкес келеді (Қағидаларға 1-қосымшаның 3-тармағы және мысалдың шарттары)
4	I	Мемлекеттік бағалы қағаздардың түрін б е л г і л е у : МЕККАМ "I" рәмізіне сәйкес келеді (Қағидаларға 1-қосымшаның 4-тармағы және 1 - т а б л и ц а)
5	K	шығарылымның валютасын белгілеу: МЕККАМ-ның атаулы құны "К" рәмізіне сәйкес келетін Қазақстан теңгесімен көрсетіледі

6	М	(Қағидаларға 1-қосымшаның 6-тармағы) Мемлекеттік бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің өлшем бірлігін белгілеу: МЕККАМ-ның айналыс мерзімі "М" рәмізі сәйкес келетін айлармен өлшенеді
7-8	06	(Қағидаларға 1-қосымшаның 7-тармағы) Бағалы қағаздардың айналыс мерзімін айлармен белгілеу: МЕККАМ-ның осы шығарылымның айналыс мерзімі 10 айдан төмен болғандықтан, жетінші позицияда "0" (нөл) рәмізі көрсетіледі (Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағы және мысалдың ш а р т т а р ы)
9-11	123	Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін белгілеу (Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағы және мысалдың ш а р т т а р ы)

Нәтижесінде МЕККАМ-ның осы шығарылымының ұлттық біріздендіру нөмірі (оны екінші позициядағы бақылау санынсыз) былайша көрінеді:

К Z К 1 К М 0 6 1 2 3

2 - қадам :

Қағидалардың 1-қосымшасындағы 2-таблицаға сәйкес әріпті рәміздерді сандарға ауыстыру:

1 9 3 3 1 9 1 1 9 2 1 0 6 1 2 3

3 - қадам :

Сандық қатарда (оның оң жақ шетінен бастап) алынған сандарды коэффициентке көбейту: "2" - тақ позицияларда орналасқан сандар үшін немесе "1" - жұп позицияларда орналасқан сандар үшін: сандық қатар (3-қадамды орындау нәтижесі):

1 9 3 3 1 9 1 1 9 2 1 0 6 1 2 3

көбейту коэффициенттері:

1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2 1 2

көбейту нәтижесі:

1 1 8 3 6 1 1 8 1 2 9 4 1 0 6 2 2 6

4 - қадам :

3-қадамды орындаудың нәтижесінде алынған қатардың сандарын қосу:
 $1+1+8+3+6+1+1+8+1+2+9+4+1+0+6+2+2+6=62$

5 - қадам :

4-қадамды орындау нәтижесінде алынған сома "0-мен" аяқталмағандықтан, осы сомадан асатын және он еседен төмен болатын сан анықталады. 62 сомасы үшін осындай сан 70 болып табылады. Тиісінше бақылау саны 8-ге тең (70-62).

Осы шығарылымдағы мемлекеттік бағалы қағаздардың толық ұлттық біріздендіру нөмірі мынаған тең:

К Z К 2 К М 0 6 1 2 3 8

Қазақстан	Республикасы	Бағалы
қағаздар	жөніндегі	ұлттық
комиссиясы	Директоратының	
2001 жылғы	15 мамырдағы	
N 828	қаулысымен	бекітілген
Мемлекеттік	бағалы	қағаздарға
ұлттық	біріздендіру	нөмірлерін
беру қағидаларына		
3-қосымша		

Ескерту: 3-қосымша алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 бұйрығымен .